

"Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын іске асыру жөніндегі 2012 - 2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 1389 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 364 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын іске асыру жөніндегі 2012 - 2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 1389 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 3, 73-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2, 3, 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жоспардың орындалуын үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және жыл сайын 15 қаңтарға және 15 шілдеге Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне оның орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі жыл сайын 25 қаңтарға және 25 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә. Сағынтаевқа жүктелсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын іске асыру жөніндегі 2012 - 2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 3-жолдағы 4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

«ӨДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ККМ, АШМ, ҚОСРМ, ДСМ, БҒМ, Еңбекмині, Мәдениетмині, ЭБЖМ, ТЖМ, МГМ»;

реттік нөмір 10-жолдағы 3-бағанда «ЭДСМ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 11-жолда:

3-бағанда «ЭДСМ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

4-бағанда «ЖРБА» деген аббревиатура алынып тасталсын;
реттік нөмірі 12-жолдағы 4-бағанда «ЭДСМ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген
аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 14-жолдағы 3-бағанда «ЭДСМ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген
аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 15-жолдағы 3-бағанда «ЭДСМ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген
аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 18-жолда:

3-бағанда «ЭДСМ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен
ауыстырылсын;

4-бағанда «Қаржымині» деген аббревиатура ЭБЖМ» деген аббревиатурамен
ауыстырылсын;

реттік нөмірі 20-жолдағы 3-бағанда «ЭДСМ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген
аббревиатурамен ауыстырылсын;

аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай мазмұндағы жолдармен
толықтырылсын:

«ӨДМ - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігі

СДША - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі

ҚОСРМ - Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов